

**«Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ  
КМК-да сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау  
жүргізіледі!**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының медициналық куәландыру кабинеті болып табылады.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

Орталықтың медициналық куәландыру кабинетінің кадр қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Орталықтың медициналық куәландыру кабинетіне ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау орталықтың 02.02.2024 жылғы №54 бұйрығымен бекітілді. Талдау жұмыстары 2023 жылдың II –IV тоқсаны және 2024 жылдың 2 айын қамтиды.

Осыған орай, аталған салаға қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері, басқа да құқық бұзушылықтар туралы нақты ақпараттарыңыз, арыз-шағымдар мен ұсыныстарыңыз болса, Қызылорда қаласы, Мүсірепов көшесі, №71 мекен-жайда орналасқан «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-на [opdo\\_kz@mail.kz](mailto:opdo_kz@mail.kz) электрондық поштасына жолдауға, сонымен қатар Орталықтың **24-66-25** нөмірі арқылы хабарласуға болатындығы жеткізіледі.

Құрметті азаматтар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға белсенділік көрсетіп, өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз!